



# ПРИОЗЁРСКИЙ

№ 30/466  
29 июля 2016 года

## Вестник

## ТУҒАН ҚАЛАМЫЗДЫҢ 60-ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫМЕН! С 60-ЛЕТНИМ ЮБИЛЕЕМ РОДНОГО ГОРОДА!

### Құрметті қала тұрғындары және қонақтары!

Сіздерді қаламыздың 60- жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Жыл өткен сайын қаламыздың сыртқы келбетінде көптеген жағымды өзгерістер пайда болуда, үйлер жаңарып, жолдар мен аулалар қалпына келтірілуде. Оның жағымды өзгеруіне қала тұрғындарының белсене қатысатыны өте қуанышты. Барлығымызға ортақ үйіміздің достығы мен келісімін нығайта түсейік.

Балқаш көлінің жағалауынан бой көтерген әсем қаламыз – Приозерск гүлдей жайнап, әлемнің ең көрікті қаласына айнала берсін!

Осы бір тамаша мерекеді баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақыт – береке және қаламызға гүлдену мен бейбітшілік тілейміз!

Құрметпен  
**Қала әкімі**  
**Мәслихат хатшысы**

**К.Камзин**  
**Б.Сәрсембеков**



### Уважаемые жители и гости города!

От всей души поздравляем Вас с 60- летним юбилеем нашего города!

С каждым годом в облике нашего города появляется все больше добрых перемен, восстанавливается дома, приводятся в порядок дороги и городские дворы. Нам радует то, что сами горожане активнее участвуют в его преобразении.

Пусть и дальше крепко развивается на века единство и дружба нашего общего дома!

Поздравляя Вас с прекрасным праздником, желаем Вам крепкого здоровья, счастья, благополучия в семье и дальнейшего процветания нашему любимому городу!

С уважением  
**Аким города**  
**Секретарь маслихата**

**К.Камзин**  
**Б.Сәрсембеков**

## ПРИОЗЁРСК ҚАЛАСЫНА 60 ЖЫЛ

Ата-бабаларымыз «Көк теңіз» атап кеткен қасиетті Балқаш көлінің батыс жағалауында Қоржынтүбекте орналасқан Приозерск қаласына биыл 60 жыл толып отыр. Бұрыннан ата-бабаларымыздың оның ішінде Ақжолтай Ағыбай бағырдың қонысы болған Қоржынтүбек атты түбекте осыдан алпыс жыл бұрын әскери қаланың алғашқы қазығы қағылып, алып сынақ полигоны іске қосылған болатын. Приозерск қаласы Кеңестер одағының картасында 70 жыл-бойы көрсетілмей келді Бірде «Полигон-А» енді



бірде «Ташкент-90» деген құпия шифрмен аталды. Осы құпия полигонның орталығы Приозерск қаласын салудың басты себебі мына мәселелер болған екен: мемлекеттік ракета шабуылына қарсы кешенді эксперимент жасайтын нысандардың және ракета шабуылына қарсы сынақ полигонының жұмыстарын күшейту, сондай-ақ бұл жерде 10-шы мемлекеттік ғылыми-зерттеу орталығын құру және әуе шабуылына қарсы сынақ полигонын салу. Қалашықта 1963 жылға



дейін тек әскерилер мен олардың отбасылары ғана тұрды. 1963 жылдың 28 қазанында қалалық кеңестің бірінші сессиясында төрағалық еткен полигон командирі С.Дороховтың ұсынысы бойынша Приозерскіге қала мәртебесі берілді. Приозерск қаласында 1990 жылға дейін одақтық көлемдегі әскери-ғылыми кеңес жұмыс істеді. Мұнда 800-ге жуық адам кандидаттық және доктор-



лық диссертацияларын қорғаған. Кеңес өкіметі тұсында бұл жерде қаншама сынақ жүргізіліп, сынақ полигоны дүние-жүзілік деңгейдегі қарулы бәсекелестіктің және «Суық соғыстың» нағыз ошағына айналғанды.

Қазіргі уақытта Сарышаған полигонын Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының қорғаныс министрліктері бірлесіп пайдаланып отыр. Ал Приозерск қаласы әскери сынақ полигонының әкімшілік, әлеуметтік-тұрмыстық орталығы болып табылады және еліміздің қорғаныс қуатына, тәуелсіздік игілігіне қызмет етіп



келеді. Қаламыздағы тұрғын үйлер қайта қалпына келтіріліп, жылу жүйесі талапқа сай жөнделген. Қала көркейіп, абаттандырылған. Алаңдар безендіріліп, демалыс орындары ашылған. Мектептер мен балабақшалар жөндеуден өткізіліп, құтқару станциясы және газ ауыз су станциясы іске қосылған. Қаламызда өн-діріс орындары ашылып, тұрғындарды жұмыспен қамту мәселесі басты назарға алынған. Бір сөзбен айтқанда, Приозерск қаласы өркендеген заманауи қалалардың қатарына қосылып, жайқалып келеді. Қаламыздың өсіп, көркеюіне қала тұрғындарының да қосқан үлесі мол деп айтуға болады.

**Б. Кенжебеков**

## ГОРОДУ ПРИОЗЁРСК 60 ЛЕТ

Городу Приозерск и полигону - 60 лет! Просто миг в истории государств и цивилизаций. Но как много этот миг значит в жизни конкретного человека, как много он оставил в памяти людей, связавших с ним свою судьбу, свои надежды. Как жизненно важен он в обеспечении безопасности сотрудничества стран – бывших некогда единым государством.

Наш родной город раскинулся на небольшом полуострове Коржынтүбек, который вдаётся в озеро Балхаш на западе его акватории. Приозерск был основан в 1956 году, как место жительства для испытателей систем противоракетной обороны, как административный центр ракетного полигона Сары-Шаган, а теперь уже совместно используется в военных целях Казахстаном и Россией.

С нуля, в тяжелейших климатических и бытовых условиях создавался полигон и городок. Грузы и эшелоны - ежедневно со всего Советского союза. В такой приближенной к боевой обстановке работал на первых порах сравнительно небольшой коллектив, возглавляемый начальником полигона С.Д.Дороховым (на фото справа сверху) и начальником строительства А.А.Губенко, и как результат, в невиданно короткое, по тем да и по нынешним временам, сроки научно-исследовательский испытательный полигон был введен в строй для решения поставленных перед ним государством задач, связанных с испытаниями новейших образцов вооружения и военной техники ПВО, ПРО, ПКО.

Местность для создания города и полигона выбрали неслучайно. Здесь преобладают пустынные и полупустынные пейзажи Северной Голодной степи (Бетпак-Дала): земли непригодные ни для земледелия, ни даже для выпаса скота. Повлиял на выбор места и факт большого количества ясных безоблачных дней.

На полигоне впервые в мире была сбита баллистическая боеголовка (1961 год) и произведено 5



ядерных взрывов. Благодаря проведённым, в том числе и на базе данного полигона в конце 1950-х - 1970-х годах испытаниям систем обнаружения и уничтожения средств доставки ядерных зарядов,

был достигнут паритет в гонке вооружений СССР и США и угроза ядерной войны между двумя сверхдержавами перестала быть насущной проблемой мировой политики.

С распадом СССР, пришедшие на 90-е годы, ветер разрушения прошёлся по многим городам и судьбам некогда великой державы. Много тяжёлых и сложных лет пришлось пережить городу и его жителям.

Но как птица феникс вновь возрождается из руин город. За годы независимости Республики Казахстан город стал постепенно восстанавливаться. Привели в порядок инфраструктуру. После утверждения Правительством Республики Казахстан от 30 марта 2011 года № 291 Комплексного плана социально-экономического развития города Приозерск на 2011 - 2013 годы, и в ходе реализации данного плана были решены многие проблемы социально-экономического развития города Приозерска, в первую очередь по развитию ЖКХ и благоустройству города. В домах стало тепло, электроэнергию подают без перебоев. На площадях города были установлены малые архитектурные формы и оформлены государственными символами Республики Казахстан и Российской Федерации. Открываются места отдыха горожан. В городе появилось производство промышленной продукции, вырос объём строительных работ, реконструирована система питьевого водоснабжения – открылось сооружение по очистке питьевой воды, восстановлено освещение городских улиц. Ликвидированы площадные загрязнения береговых территорий, произведены капитальные ремонты школ и других учреждений и организаций, построены новые детские сады, открылась одна из лучших в Казахстане спасательная станция с передовым оборудованием. Одним словом, город по-немногу приобретает современный вид, рисуя прекрасные и перспективные образы в умах и сердцах любящих его приозерцев.

Будем же совместно воплощать в жизнь свои мечты, новую прекрасную страницу нашего города, что бы звание «приозерск», всегда отзывалось в наших сердцах любовью, трепетом и гордостью.

**Б. Алшынбекулы**







Нашақорлыққа жол жоқ!

Легализация

## «НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮРЕС КҮНІНЕ» ОРАЙ АТҚАРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

Елбасының «Қазақстан-2030» жолдауында көрсетілген өзекті мәселелердің бірі салауатты өмір сүру, оны насихаттау мәселесі. Салауатты өмір салты дегеніміз не? Ол әлеуметтік тұрмыстарды жақсарту, бос уақытты тиімді пайдалану, зиянды әрекеттерден аулақ болу деген сөз. Қазіргі кезде етек алған дерттің бірі-темекі шегу, нашақорлық. Өмір-өмір сүру үшін беріледі. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейді данышпан халқымыз. «Өмірімізді ұзарту да, қысқарту да өз қолымызда»

Халықаралық нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымға шығуына қарсы күрес күні бұқаралық қоғамға қазіргі уақытта есірткі мәселесі себепші болып отыр. Нашақорлық - әлеуметтік ортақ проблема, қоғамның дерті. 1987 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы жыл сайын 26-маусымды өзінің есірткіні теріс пайдаланушылықтан еркін халықаралық қоғам құру мақсатында қызметін және ынтымақтастығын күшейту табандылығын білдіру үшін **нашақорлыққа қарсы халықаралық күрес күні** ретінде атап өтілуде.

Осы халықаралық нашақорлыққа қарсы күніне орай қала ұйымдары мен мемлекеттік мекемелерде тиісті іс-шаралар жүргізілді. Олар:

А.ж-дың 8 қаңтарында Приозерск қаласы жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Приозерск қаласының жастары, салауатты өмір салтын таңдайды» атты акциясы. Бұл акцияның ерекшелігі қала тұрғындарымен кез келген жерде автобус ішінде, аялдамаларда, қалалық ауруханада бесминуттық қысқа әңгіме-дүкен құру, буклеттер тарату арқылы темекінің, ішімдіктің және есірткі заттарының зияндылығын түсіндіру. Қалалық ауруханада қысқа бейнебаян көрсетілді.

2016 жылдың 6 айының қорытындысы бойынша «Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ нашақорлықтың алдын алу бойынша 3 спорттық іс-шаралар ұйымдастырды. Атап айтқанда 2016 ж. 10 қаңтар күні қалалық жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында шаңғы спорты жарысы өтті, 24 қаңтар күні қалалық «Спорттық мектеп лигасы» аясында баскетбол жарысы ұйымдастырылды және 19 – 21 мамыр күндер аралығында бокстан жасөспірімдер арасында қалалық ашық біріншілік өткізілді. Бұл жарыстарға барлығы: 387 жасөспірім спортшылар қамтылды, жеңімпаз командалар мен спортшылар тиісінше мадақтама қағаздарымен және ескерткіш сыйлықтармен марапатталды. Барлық өткізілген спорттық іс-шаралар нашақорлыққа қарсы ұранымен ұйымдастырылды.

26 маусым Халықаралық наркомандық және наркобизнеспен күрес күніне орай «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің балалар бөлімінде «Есірткі есіңді жидырмайды» тақырыбы аясында дөңгелек үстел өткізілді. Оқырманға қызмет ету бөлімінде «Нашақорлық - тұйыққа апарар жол» атты сурет көрмесі және оқу бөлімінде «Нашақорлық ғасыр дерті» кітап көрмелері ұйымдастырылды.

«Приозерск қаласының №1 жалпы білім беру орта мектебі» КММ қыркүйек айында нашақорлықтың және маскүнемдіктің, темекі шегуге қарсы атқарылған жұмыстардың жоспары құрылады. Осы жос-парға сәйкес төмендегі жұмыс түрлері атқарылды.

Қыркүйек айында "Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2012 - 2016 жылдарға арналған салалық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 сәуірдегі

№451 қаулысы талқыланды. Мұндағы мақсат мектеп оқушыларына осы бағдарлама арқылы нашақорлықтың зиянды тұстарынан сақ болуға шақыру. Сонымен қатар 11 қыркүйекте «Нашақорлық-өміріне зиян» атты баяндама оқылды. Бұл баяндамада бүгінгі күні жастар арасында өршіп тұрған есірткіге құмарлық, еліктеушіліктің

арты қатерлі дертке апарар жол екендігі түсіндірілді. 22 қыркүйек күні «Өз өмірінді қорға!» атты қалалық әкімшілік жанындағы ішкі саясат бөлімінің, Приозерск қалалық жастар ресурстары орталығының мамандарының, Қарағанды облыстық студенттер Альянсы орталығының мүшелерінің ұйымдастыруымен өткен іс-шараға белсене қатысып, «Болашақ» командалық жұлделі I



орынды иеленсе, «Денсаулық» командалық III орынды иеленді. Мектеп психологы М.Артикова жоғары сынып оқушыларымен «Нашақорлық-қоғамдық дерт» тақырыбында пікірталас өткізді. Пікірталас барысында есірткінің зияны адамзат баласын өзінің құрығына кіргізіп, ақыры құртып тындыратыны көріністер арқылы жеткізілді. Қараша айында мектеп әлеуметтік педагогы Ж.Садуақасова «Есіркісіз-болашаққа!» атты дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстел барысында оқушылар топ болып жарысып, өзара нашақорлықтың зиянын насихаттады. Желтоқсан айында жоғары сынып оқушыларына арналған мектеп инспекторы Д.Копбаевтың ұйымдастыруымен «нашақорлық және құқық бұзушылық» тақырыбында әңгіме өтті. Іс-шара барысында инспектор нашақорлық дегеніне шалдыққан жасөспірімдер өмірін баяндайтын видеофильмдер көрсетті. Қаңтар айында 8-9 сынып оқушыларына «Ертеңіңді ойласаң есірткіге жолама!» атты лекция өтті. Лекцияда оқушыларға нашақорлықтың апарар жолдары жайлы баяндалды. Ақпан айында мектеп психологы Т.Наушаруанова «Біз нашақорлыққа қарсымыз!» атты кеш өтті. Бұған 9 сыныптардың 105 оқушысы қатысты. Наурызда қала наркологы Қ.Көшербаев, мектеп инспекторы А.Кенесовтардың қатысуымен «Нашақордың күні қаран» атты әңгіме өткізді. Іс-шара барысында нарколог маман оқушыларға нашақорлықты болдырмау алдын алу туралы әңгімеледі. Қаламызда нашақорлардың арнайы есепте тұратыны жайлы айтты. Мектеп инспекторы А.Кенесов та нашақорлықтың арты ұрлыққа, өтірік айтуға апаратыны туралы айтты. Сәуір айында жалпы ата-аналар жиналысында Нашақорлықтың зияны жайлы тест алынып, сауалнамалар жүргізілді. «Приозерский вестник» газетінде 2016 жылы Нашақорлыққа байланысты 3 мақала берілді.

Біздің ата-бабаларымыз кең далада еркін өсті. Олар ойын да, бойын да таза ұстаған. Ақыл ойды ұлап, адамды есінен тандырып, мас қылатын арақ-шарап дегеннен аулақ болған. Ата-бабаларымыздың сүйікті сусыны-дертке дауа, жанға шипа қымыз еді.

Нашақорлық қоғам дерті. Нашақорлықпен күресуге жалғыз адамның шамасы келмейді. Бұл жерде заң сақшылары, нарколог мамандары, ата-аналар және сіздер мен біздер әрбір Қазақстан азаматтары шетте қалмауы керек. Ғасыр дертімен күресуі керек. Дүниедегі ең қымбат нәрсе ол сенің өмірің. Сенің өмірің өз қолыңда.

**Приозерск қаласы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі**

## ЧТО МЫ ЗНАЕМ О ЛЕГАЛИЗАЦИИ ИМУЩЕСТВА?

Легализация имущества – это процедура признания государством прав на имущество, выведенное из законного экономического оборота, либо оформленное в ненадлежащем порядке. Основная цель акции – вовлечение в экономику дополнительных средств в виде легализованного капитала. Лица, имеющие право участия в данной акции, – это граждане Республики Казахстан, оралманы и лица, имеющие вид на жительство в Казахстане.

Сегодня мы поговорим о легализации денег. Вы должны знать следующее: в соответствии с Законом Республики Казахстан № 213-V ЗРК от 30 июня 2014 года «Об амнистии граждан Республики Казахстан, оралманов и лиц, имеющих вид на жительство в Республике Казахстан, в связи с легализацией ими имущества» необходимо обращаться в банки второго уровня и отделения «Казпочты». На основании обращения субъекта легализации открывают отдельный сберегательный счет для каждой переведенной суммы. Вкладчиками могут являться – граждане Республики Казахстан, оралманы и лица, имеющие вид на жительство в Казахстане. Срок вклада – не менее шестидесяти календарных месяцев. При этом субъект легализации получает вознаграждение по таким специальным денежным вкладам в размере, равном рыночному ставкам. До истечения срока субъект легализации денег вправе распоряжаться по своему усмотрению деньгами, но при этом с такой суммы будет изъят сбор за легализацию в размере 10 процентов.

Субъект легализации денег вправе до истечения указанного срока распорядиться

легализуемыми деньгами, не уплачивая сбор за легализацию, приобретая объекты приватизации, активы организацией группы акционерного общества «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына», государственных ценных бумаг Республики Казахстан; облигаций национальных управляющих холдингов, национальных компаний, национальных институтов развития Республики Казахстан, банков второго уровня Республики Казахстан; иных ценных бумаг, размещаемых на казахстанской фондовой бирже.

**Преимущество легализации** – это освобождение от уголовной и административной ответственности и налогов, а также конфиденциальность информации. В самом названии Закона говорится об амнистии в связи с легализацией. Это значит, что государство, признавая имущество, амнистирует, освобождает от ответственности за те правонарушения, в результате которых это имущество или денежные средства получены. Также, Законом не признается в качестве дохода субъекта легализации, сумма легализованных денег, что соответственно освобождает от уплаты налогов. Данные, полученные в рамках легализации капитала, нигде не будут использованы, так как Законом гарантировано, что информация, которую получили или будут получать государственные органы или должностные лица в процессе легализации, не может быть использована для того, чтобы преследовать кого-то в уголовном или в административном порядке.

**Комиссия по легализации имущества**

## ЛЕГАЛИЗАЦИЯ ДЕНЕГ В БАНКЕ

Отделение №199930 Карагандинского Областного Филиала АО «Народный Банк Казахстана» уведомляет Вас о внесении следующих изменений и дополнений в Закон «об амнистии граждан Республики Казахстан, оралманов и лиц, имеющих вид на жительство в Республике Казахстан, в связи с легализацией имущества».

- Срок легализации продлен до 31 декабря 2016 года.
- Отменено требование открытия сберегательного счета и хранения денег в течение 5 лет.
- Существенно упрощена процедура легализации денег.

За дополнительной информацией

можно обратиться в отделение Банка по ул. Достык 3.

Приглашаем желающих легализовать деньги в Нашем Банке.



**А.Е. Омарова,**  
начальник отделения №199930  
Карагандинского областного филиала АО «Народный Банк Казахстана»

## ДИНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫНЫҢ БАҒЫТЫ

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы Жолдауында елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек деп атай отырып, XXI ғасырдағы Қазақстандағы дінге еркше көңіл бөлді. Дін зайырлы қоғамымыздың ажырамас бір бөлігі болып табылады, сондықтан құзырлы мемлекеттік мекемелер еліміздегі діни қатынастарды одан әрі дамытуға арқашанда мүдделік танытады.

Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі өзге де мемлекеттік органдармен, дәстүрлі дін өкілдерімен бірге қоғам азаматтарының «Жалған террорлық ақпарат берушілердің жазасы мен жауапкершілігі» тақырыбында азаматтардың бойындағы патриотизмді тәрбиелеу, ел ішіндегі бейбітшілікті нығайту бағытында жұмыстар атқарды. Ағымдағы жылдың 1-ші жартыжылдығында қала әкімі жанындағы терроризмге қарсы комиссия тарапынан жоспарға сай бірқатар жұмыстар атқарылды. Жоспар негізінде дін саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіру жөніндегі ақпаратты-түсіндіру тобының құрамы өзгертіліп, қала әкімдігінің қаулысымен бекітілді.

Діни экстремизмнің алдын-алу мақсатында жасалып жатқан жұмыстар мен қатар, экстремизм мен терроризмге қарсы бағытталған және балалардың болашақта бөгде діндер мен діни ағымдар жетегінде кетпеулері үшін, дін туралы ойларын жүйелеу, дұрыс түсініктің қалыптасуын қолға алу мақсатында бейнероликтер мен фильмдер көрсетілімі ұйымдастырылып тұрады.

Қазақстан үшін дәстүрлі дін болып табылатын ағымдар туралы жастарға қажетті білім беру, олардың осы діндерге деген көзқарасын қалыптастыру бағытында бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндігін кеңінен пайдалану жағынан, сонымен бірге конфессияаралық келісімді сақтау, діни экстремизм идеяларының таралуының алдын-алу тақырыптары бойынша дәстүрлі дін өкілдерімен жергілікті газет бетінде қаладағы рухани мәдениетті дамыту және дәстүрлі діни мейрамдар мен оқиғаларға арналған материалдар үнемі басылып тұрады.

**Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі**





## ӨСІМДІКТЕРДІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛАРЫ

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі N 331 «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңы Осы Заң өсімдіктерді зиянкестерден, арашоштерден және өсімдіктер ауруларынан қорғау саласындағы қызметті жүзеге асырудың құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды және егін өнімін, оның сапасын сақтау мен Қазақстан Республикасының аумағында фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асыру кезінде адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсерді болғызбауға бағытталған. Бұл заң 5 тараудан 21 баптан тұрады.

### 2-бап. Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

### 11-бап. Фитосанитариялық мониторинг пен фитосанитариялық іс-шаралар

Қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету мақсатында қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен

байланысты жеке және заңды тұлғалар өз аумақтарында фитосанитариялық мониторингті жүзеге асыруға және зиян тигізудің экономикалық шегінен көп зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдер анықталған жағдайда фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуге міндетті.

### 13-бап. Фитосанитариялық есепке алу және есептілік

1. Қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар фитосанитариялық есепке алуды жүргізеді және уәкілетті органға фитосанитариялық есептілікті табыс етеді.

2. Фитосанитариялық есептіліктің түрлерін, нысандарын және оларды табыс ету мерзімдерін уәкілетті орган айқындайды.

### 15-бап. Мемлекеттік фитосанитариялық бақылауға жататын объектілер

Мемлекеттік фитосанитариялық бақылауға жататын объектілер:

1) зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдердің тіршілік ететін орындары болып табылатын ауыл шаруашылығына арналған объектілер, автомобиль жолдарының, темір жолдардың бөлінген белдеулері мен күзет аймақтары және өзге де аумақтар, сондай-ақ өсімдіктен алынатын өнім;

2) зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдер;

3) фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу үшін пайдаланылатын арнаулы техника мен пестицидтер (ұлы химикаттар);

4) арнаулы сақтау орындары (көмінділер) болып табылады.

### ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БУЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОДЕКСІ 2014 ЖЫЛҒЫ 5 ШІЛДЕДЕГІ № 235-V ҚРЗ

### 403-бап. Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын бұзу

1. Фитосанитариялық есептілікті ұсынбау, сол сияқты уақтылы ұсынбау – жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Фитосанитариялық бақылау объектілерінде фитосанитариялық мониторинг пен фитосанитариялық іс-шараларды зиянды организмдердің саны зиян тигізудің экономикалық шегінен

жоғары болатындай олардың дамуы мен таралуына әкеп соққан жүргізу – жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ 2008 ЖЫЛҒЫ 29 МАМЫРДАҒЫ N 515 ҚАУЛЫСЫ "ПЕСТИЦИДТЕРДІҢ (ҰЛЫ ХИМИКАТТАРДЫҢ) ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР" ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

7. Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) сақтау, тасымалдау және қолдану кезіндегі қауіпсіздік талаптары.

КАДИРОВА К.Р.,  
ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.  
тел. 5-40-06

## КОНКУРС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

**Конкурсты ұйымдастырушы: «Қарағанды облысының кәсіпкерлік басқармасы» ММ.**

**Орналасқан жері:** Қарағанды к., Әлиханов к.-сі, 13 үй; пошталық мекенжайы: 100008, Қарағанды к., Әлиханова к.-сі, 13 үй; электрондық пошта мекенжайы: mb2@krg.gov.kz; байланыс телефоны 8/7212/42-50-69;

**Конкурс нысанасы:** «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірінші бағдарламасы шеңберінде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, оның ішінде ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге, жас кәсіпкерлерге, әйелдерге, мүгедектерге және 50 жастан асқан адамдарға (өз бизнесін құруға) мемлекеттік гранттар беру.

**Конкурс нысаны:** ашық конкурс.

### Конкурсқа қатысу үшін өтінім берілетін жер:

1. «Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» - пошталық мекенжайы: 101100, Приозерск к., Балхашская к., 5 үй, телефон 8/71039/5-32-99, 5-33-81, электрондық поштасы: prio\_or@mail.ru, prio\_or@krg.gov.kz, 313, 317-бөлмелер;

Конкурстық құжаттаманы ұсыну тәртібі: конкурста қатысу үшін үміткерлер көрсетілген мекенжайға өзі, пошта арқылы немесе өзінің өкілетті өкілі арқылы бекітілген нысан бойынша конкурстық өтінім мен толық құжаттама топтамасын береді.

**Конкурстық құжаттаманы ұсыну мерзімі:** 2016 ж. «27» шілдеден бастап 2016 ж. «15» тамыз аралығында, жұмыс күндері сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін (жергілікті уақытпен)

**Өтінімдерді беру басталатын күні мен уақыты:** 2016 ж. «27» шілдеден сағат 10.00 (жергілікті уақытпен)

**Өтінімдерді беру аяқталатын күні мен уақыты:** 2016 ж. «15» тамыз сағат 13.00 (жергілікті уақытпен)

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін түскен өтінімдер қабылданбайды. Осы хабарландырумен және конкурстық құжаттамамен [www.dkb2020.kz](http://www.dkb2020.kz) және [www.prio-predprinimatelstvo.gov.kz](http://www.prio-predprinimatelstvo.gov.kz) сайтында танысуға болады.

### Балаларға арналған озық жоба

## «АМЕРИКАНДЫҚ БҰРЫШ» АҚПАРАТТЫҚ КЕРУЕНІ

«Приозерск қалалық кітапханасы» мемлекеттік мекемесінің балалар бөлімінде 2016 жылдың 22 шілдесінде Н.В.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасының халықаралық әдебиет бөлімінің кітапханашысы, «Американдық бұрыш» координаторы Серікбаева Балжан Тулегеновнаның қатысуымен «Ақпараттық керуен» өткізілген болатын.

Аталмыш іс-шараны Қазақстан Республикасындағы АҚШ Елшілігінің қолдауымен, кітапханаларда орналасқан Американдық бұрыштар іске асырады. Бұл жобаның аясында Американдық бұрыш қызметкерлері облысымыздың қалалары мен аудандарында орналасқан кітапханаларға арнайы іс-сапармен келіп, Американдық бұрыш қызметі жайлы ақпарат беріп, көшпелі



көрмелер, түрлі байқаулар мен викториналар, шеберлік сағаттар мен семинарлар ұйымдастыру арқылы жүзеге асырады.

«Американдық бұрышты» тамашалауға арнайы «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығынан «Непоседа» жазғы лагерь балалары жетекшілерімен бірге шақырылып, сонымен қоса кітапханамыздың тұрақты оқырмандары қатысты.

Қазіргі таңда жаңашылдыққа құмар, шығармашыл балаларымыз жетерлік, ал көп жағдайда олардың қиялы жүзеге асыратын ақпараттық құралдар аздық етіп жатады, міне сондықтан мұндай жобалар бізге аздай қажет. Біздің байқағанымыз көшпелі көрмеге әкелген кітаптар, түрлі баланың ой-өрісін дамытатын құралдар,

барлығы тіл үйренуге, яғни ағылшын тілін тез үйренуге бағытталған екен.

Құметті ата-аналар, бәрімізге аян, бүгінде ағылшын тілін білсең әлемді танысың және ол бала кезден бастау алса тіпті оңай болары сөзсіз. Психологтардың айтуы бойынша өзге тілді игеру бала үшін ойын іспетті және бала тілді меңгеру арқылы қоршаған ортамен танысады. Сол елдің мәдениеті мен әдебиетіне деген қызығушығы артып, болашақта диттеген мақсатына қол жеткізеді сөзсіз. Тағы ескере кететіні кітапханаларда жұмыс жасайтын бұндай клубтар мен үйірмелер тегін.

Б. Алшынбекұлы





Тұрғындардың назарына

Олимпиада-2016

## Х А Б А Р Л А Н Д Ы Р У «НҮР ОТАН» ПАРТИЯСЫНЫҢ «ҮЗДІК БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

2016 жылдың қыркүйек және желтоқсан айлары аралығында «Нұр Отан» партиясының «Үздік бастауыш партия ұйымы» республикалық байқауы өткізіледі.

Байқаудың мақсаттары мен міндеттері: БПҰ қызметін уәждемелеу және олардың жұмысын жандандыру, үздік БПҰ анықтау және олардың жұмыс тәжірибесін тарату, партиялық кадрлардың резервін қалыптастыру.

Байқау 3 кезеңнен тұрады:

- I кезең – байқау ресми жарияланған күннен бастап (1 тамыздан кеш емес) ағымдағы жылдың I қазанына дейін;

- II кезең – ағымдағы жылдың I қазанынан I қарашасына дейін;

- III кезең – ағымдағы жылдың I-30 қарашасы аралығы;

- Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі 2016 жылдың желтоқсанында.

Байқауға қатысу үшін өтінімдер «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалында қабылданады, мекен-жайы: Балқаш к-сі, 5 ұй, тел.5-39-69.

**«Нұр Отан» партиясының  
Приозерск қалалық филиалы**

### Мемлекеттік қызметтің жаңа түрлері

## ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ «БАЛАҚАЙ» БӨБЕКЖАЙЫНДА КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайында екі түрлі мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

1.«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау» бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7 сәуіріндегі №172 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін стандартына және «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау» бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет регламентіне сәйкес көрсетіледі.

Көрсетілетін Мемлекеттік қызмет тегін және қағаз нысанда көрсетіледі. Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпарат мекеменің бірінші қабатында орналасқан тақтайшада және «Балақай» бөбекжайының [www.prio-balakai.kz](http://www.prio-balakai.kz) сайтында орналасқан. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ата-аналармен жеке сұхбат, ата-аналар жиналыстарында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

2015 жылы «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметі бойынша 230 өтініш қабылданып, толық қанағаттандырылды. Үстіміздегі жылдың I-жартыжылдығы бойынша 63 өтініш қабылданды. Жалпы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер мәселесі жөніндегі көрсетілетін

қызметті алушылардың тарапынан ешқандай шағым тіркелмеген;

2.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау» бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 632 бұйрығымен бекітілген.

2016 жылы бұл мемлекеттік қызмет бойынша педагогтардан екінші біліктілік санатын алу туралы үш өтініш тіркелді.

«Балақай» бөбекжайының мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бақылау мақсатында әр айдың 25 жұлдызында ішкі бақылау жүргізіледі. Бақылау нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктер бойынша іс-шаралар жоспары құрылып, түзету жұмыстары атқарылады.

Біздің мақсатымыз мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасын көтеру және қызметті алушылардың қанағаттануын арттыру.

**Г. Т. Узалина,**  
«Приозерск қаласының  
«Балақай» бөбекжайының» КМҚК  
директоры

## МЫРЗАГАЛИ АЙТЖАНОВ: «ЕДЕМ ТОЛЬКО ПОБЕЖДАТЬ, БРАТЬ МЕДАЛИ»

В эти минуты в бразильский Рио-де-Жанейро прибывают спортсмены со всего мира — до главных стартов четырёхлетия остаётся меньше недели. В ночь на 28 июня в Южную Америку вылетела и первая группа казахстанских олимпийцев — двенадцать атлетов из сборной республики по боксу в аэропорту провожали друзья, родственники и многочисленные фанаты.

Молодые спортсмены сразу выделялись из общего потока пассажиров — в ближайший месяц они не будут расставаться с парадной формой национальной команды. Для каждой ситуации у них есть специальный комплект одежды: для состязаний — один, для дальних перелётов — другой.

С теми, кто уже скоро представит Казахстан на самых престижных соревнованиях планеты, многие хотели сфотографироваться уже сейчас. Нам также стало известно, что боксёры взяли с собой не только спортивный инвентарь, но и продукты питания — например, значительный запас конины. Казахская сборная не собирается тратить время на адаптацию к бразильской еде — завтрак, обед и ужин им будут готовить из



отечественных полуфабрикатов. В составе нашей команды десять юношей и две девушки. У всех есть неплохие шансы на победы.

**Мырзагали Айтжанов, главный тренер национальной сборной РК по боксу:**

— Все сборы прошли успешно, можно сказать, потому что государство всё сделало для хорошей подготовки спортсменов. Поэтому едем только побеждать, брать медали.

источник: Sports.kz

## ЭСТАФЕТА «БЕГ МИРА» - В АСТАНЕ НА ТРИ НЕДЕЛИ

28 июня в столицу прибыла сборная команда международной факельной легкоатлетической эстафеты «Бег мира».

Астанчане радушно встретили бегунов, которые прибыли из Павлодара, на площади в Студенческом парке. Участники бега в свою очередь продемонстрировали горожанам символ эстафеты — горящий факел.

Передача факела мира китайскими участниками нашим бегунам состоялась 2 июля в городе Коргас. На казахстанском этапе эстафеты символ побывал в Жаркенте, Алматы, Талдыкоргане, Усть-Каменогорске, Семипалатинске, Экибастузе и Павлодаре.

«В Астане нас ожидает перерыв три недели. Команда состоит из пятерых человек, некоторые участники будут сменены. 26 августа мы победим до Омска, там встретимся с российской командой, которая бежит с Дальнего Востока. Далее уже сборная команда победит в Уфу, куда придут еще несколько команд, бегущие по западной части России. 21 сентября в этом городе будет официальный финиш эстафеты», — рассказывает капитан команды и координатор эстафеты «Бег мира» в Казахстане Даурен Оспанов.



Всего марафон занимает 34 дня, ежедневно команда преодолевает до 200 км, а на каждого участника приходится нагрузка от 15 до 40 км в день.

Отметим, что на сегодня в эстафете приняли участие более шести миллионов человек. Факел побывал в более чем 140 странах мира на шести континентах — в Европе, Азии, Северной и Южной Америке, Африке и Австралии.

источник: Sports.kz

**ПАРИКМАХЕРСКАЯ  
«МИЛОЛИКА»  
Предлагает услуги по  
мужской и женской  
стрижкам, укладке, по  
маникюру, наращиванию  
ногтей и педикюру.**

**Ждем Вас по адресу:  
ул. Космонавтов,  
5-107,  
телефон: 5-50-81  
Время работы:  
с 10.00 час. до 19.00 час.  
Выходной - Понедельник**

**На маникюр и педикюр  
запись по телефону:  
8-771-699-32-89**

**Парикмахерская  
Милолика**

**Ваша красота -  
Наша работа!**

**СТРИЖКИ - УКЛАДКИ  
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)  
ПЕДИКЮР**

**EXPO 2017**  
Astana Kazakhstan

**EXPO 2017 БИЛЕТТЕР  
САТЫЛЫМЫНЫҢ БАСТАЛУЫ  
10.06.2016  
СТАРТ ПРОДАЖ  
БИЛЕТОВ НА EXPO 2017**

[tickets.expo2017astana.com](http://tickets.expo2017astana.com)

Bureau International des Expositions

**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.  
**Адрес редакции:** 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.  
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
**E-mail:** prz\_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 30/466. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2,4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**  
**Технический редактор: Струментов А.В.**  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041